

**Қамқоршылық кеңестің отырысының
№ 3 Хаттамасы -
«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК**

«19» 06 2026 жыл

Қатысқаны: 9 адам

Кеңес Төрағасы – А.К. Муканов
Кеңес хатшысы – С.А. Жиенбаева

Кеңес мүшелері:

1. Жетписбаев С.Г. –КММ «Костанайюжэлектросервис» директоры
2. Матвеев А.А. – 3 курс білім алушысының ата-анасы
3. Омарова А.А. – «Омарова» ЖК басшысы
4. Усенова Ж - 1 курс білім алушысының ата-анасы
5. Кариева Ж.О. – 3 курс білім алушысының ата-анасы
6. Досов Ш.Т. – ЖШС «Каркын» директоры
7. Тулегенова С.Т - Арқалық қаласының әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" КММ Жастармен жұмыс маманы
8. Кетов И.А. – «Мастер-пласт» ЖК басшысы

Қатыспағаны: 2 адам

1. Соколова Т.Ж. –ЖШС«Олви» директоры
2. Ерденев А.У. – «Ерденев А.У.» ЖК басшысы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз етуге, қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға және алдын алу шараларын жетілдіруге ықпал ету.

Колледж директоры

2. Колледж түлектеріне диплом тапсыру салтанатына қолдау көрсету, іс-шараға қатысу.

Директордың ОТЖЖ орынбасары

Кеңес мүшелері

3. Түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу әлеуметтік серіктестерді тарту, кәсіпорындармен ынтымақтастықты кеңейту, бос жұмыс орындары туралы ақпараттық қолдау ұйымдастыру.

Директордың ОӨЖЖ орынбасары

Кеңес мүшелері

4. Кәсіптік бағдар беру жұмысын қолдау ақпараттық-түсіндіру іс-шараларына қатысу және қабылдау науқанын ұйымдастыруға жәрдемдесу.

Директордың ОТЖЖ орынбасары Кеңес мүшелері

5. Әр түрлі

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша колледждегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ашықтық пен айқындық қағидаттарын қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат тыңдалды. Білім беру қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, қоғамдық бақылауды күшейту, білім алушылар мен қызметкерлер арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, академиялық адалдық қағидаттарын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы

мәдениетті қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар жөнінде баяндалды.

Екінші мәселе бойынша директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Арқалық политехникалық колледжінде 2026 жылғы түлектерге арналған «Түлек – 2026. Жолың болсын, жас маман!» атты салтанатты диплом табыстау рәсімін өткізу туралы ақпарат берді.

Баяндама барысында іс-шараның мақсаты түлектерді кәсіби білім алуының аяқталуымен құттықтау, олардың жетістіктерін атап өту, жас мамандарға ақ жол тілеу және әлеуметтік серіктестермен өзара байланысты нығайту екендігі айтылды. Сонымен қатар, колледждің бітіруші топтарына дипломдар табысталып, үздік студенттер мен колледждің қоғамдық өміріне белсенді қатысқан білім алушылар марапатталатыны хабарланды.

Салтанатты іс-шараға әлеуметтік серіктестер, мемлекеттік мекемелер өкілдері, ата-аналар және Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуы жоспарланғаны атап өтілді. Осыған байланысты Қамқоршылық кеңес мүшелерін диплом тапсыру салтанатына құрметті қонақ ретінде қатысуға, түлектерге құттықтау лебіздерін білдіруге және колледждің жас мамандарына қолдау көрсетуге шақыру ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары колледж түлектерінің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді.

Баяндама барысында түлектерді жұмыспен қамту деңгейін арттыру мақсатында әлеуметтік серіктестермен өзара ынтымақтастықты дамыту, кәсіпорындар мен ұйымдар қатарын кеңейту, жұмыс берушілермен тұрақты байланыс орнату және бос жұмыс орындары туралы ақпараттық қолдау көрсету бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар таныстырылды. Сонымен қатар, түлектерді жұмысқа орналастыруға ықпал ету мақсатында кәсіпорындар өкілдерімен кездесулер өткізу, бос жұмыс орындары жәрменкелеріне қатысу, өндірістік тәжірибе базаларын кеңейту және әлеуметтік серіктестермен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру қажеттігі атап өтілді.

Төртінші мәселе бойынша директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары 2026–2027 оқу жылына арналған қабылдау науқанының ұйымдастырылуы және кәсіптік бағдар беру жұмыстарының барысы туралы ақпарат берді.

Баяндама барысында колледжде мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жүзеге асырылатын мамандықтар бойынша талапкерлер қабылдау жүргізілетіні, білім алушыларға қарастырылған әлеуметтік қолдау шаралары және құжаттарды қабылдау мерзімдері туралы мәлімет ұсынылды. Сонымен қатар, кәсіптік бағдар беру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мақсатында жалпы білім беретін мектептерде, әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында және ата-аналар қауымдастығымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқаны атап өтілді. Ашық есік күндерін, кәсіби сынамалар мен шеберлік сағаттарын өткізу арқылы колледж мамандықтарын насихаттау жұмыстарының маңыздылығы айтылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің кәсіптік бағдар беру жұмыстарын қолдауы, мектеп түлектері мен олардың ата-аналары арасында колледж мамандықтарын насихаттауға қатысуы, сондай-ақ қабылдау науқанын ұйымдастыруға ақпараттық және ұйымдастырушылық тұрғыдан жәрдем көрсетуі ұсынылды.

Әртүрлі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңес құрамындағы 3-курс білім алушыларының ата-аналары Матвеев А.А. мен Кариева Ж.О.-ны балаларының колледжді аяқтауына байланысты Қамқоршылық кеңес мүшелігінен шығару мәселесі қаралды. Баяндама барысында аталған кеңес мүшелерінің Қамқоршылық кеңес қызметіне белсенді қатысып, колледждің оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге, әлеуметтік серіктестік байланыстарды нығайтуға және қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға өз үлестерін қосқаны атап өтілді. Осыған байланысты Матвеев А.А. мен Кариева Ж.О.-ның өкілеттік мерзімін тоқтату және оларды Қамқоршылық кеңес құрамынан шығару туралы ұсыныс енгізілді. Бұл ата-аналардың орнына тағайындау кеңестің келесі отырысына қалатыны ұсынылды.

ШЕШІМІ:

1. Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат назарға алынсын. Аталған бағыттағы жұмыстар жалғастырылсын.
2. Диплом тапсыру салтанаты біту кешінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің іс-шараға қатысуы ұсынылсын.
3. Түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу мақсатында әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастықты кеңейту және ақпараттық қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылсын.
4. Қабылдау комиссиясы мен кәсіптік бағдар беру жұмыстары бойынша ақпарат назарға алынсын. Қамқоршылық кеңес мүшелері аталған жұмыстарға қолдау көрсетсін.
5. Матвеев А.А. мен Кариева Ж.О. Қамқоршылық кеңес мүшелігінен шығарылсын. Белсенді қызметі үшін алғыс білдірілсін. Олардың орнына жаңа мүшелерді енгізу мәселесі келесі отырыста қаралсын.

Қамқоршылық кеңесінің
Төрағасы



Муканов А.К.

Қамқоршылық кеңесінің
хатшысы

Жиенбаева С.А.